

Облыс аумағында карантиндік режимді енгізе отырып, карантинді аймақты белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы әкімдігінің 2015 жылғы 07 желтоқсандағы № 535 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2016 жылы 08 қаңтарда № 3672 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 2017 жылғы 24 наурыздағы № 125 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 24.03.2017 № 125 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Өсімдіктер карантині туралы" 1999 жылғы 11 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 9-1 бабына сәйкес, Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Карантиндік объектілердің түрлері бойынша жалпы көлемі 113421,94 гектар жерге аудандар (қалалар) бөлінісінде карантиндік режимді енгізе отырып, қосымшаға сәйкес облыс аумағында карантинді аймақ белгіленсін.

2. Алматы облысы әкімдігінің келесі қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) "Облыс аумағында карантиндік аймақ белгілеу туралы" 2012 жылғы 18 қыркүйектегі № 286 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2012 жылғы 15 қазанда № 2144 тіркелген, 2012 жылғы 23 қазандағы "Жетісу" және "Огни Алатау" газеттерінде жарияланған);

2) "Алматы облысы әкімдігінің 2012 жылғы 18 қыркүйектегі "Облыс аумағында карантиндік аймақ белгілеу туралы" № 286 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2014 жылғы 28 қаңтардағы № 11 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2014 жылғы 14 ақпанда № 2573 тіркелген, 2014 жылғы 27 ақпандағы № 25 "Жетісу" және "Огни Алатау" газеттерінде жарияланған).

3. Облыс әкімінің аппараты заң, мемлекеттік-құқық бөліміне осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және облыс әкімдігінің интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С. Бескемпіровке жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап

күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

А. Баталов

Алматы облысы әкімдігінің 2015 жылғы "07
"желтоқсандағы "Алматы облысы
аумағында карантиндік режимді енгізе
отырып, карантинді аймақты белгілеу
туралы" № 535 қаулысына қосымша

Алматы облысының аумағында карантиндік объектілердің түрлері бойынша белгіленген карантиндік аймақ көлемі

№	Аудандар, қалалар	Барлық залалданған жер көлемі, гектар	оның ішінде карантиндік объектілердің түрлеріне шаққанда				1	2	3	4	5
			америкалық ақ көбелек	жемістің шығыс жемірі	калифорниялық қалқаншалы сымыр	жұпсыз жібек көбелек					
						Ақсу	15845				
						Алакөл	4761				
						Балқаш	2889				
4	Еңбекшіқазақ	2775,33		182	186	70					
5	Ескелді	1858,95		15							
6	Жамбыл	9840,04									
7	Іле	1587,52		16	30						
8	Қарасай	2314,8	3	55	45						
9	Қаратал	9054,5									
10	Кербұлақ	17964									
11	Көксу	9114,66			65						
12	Панфилов	4490,5		90,5	343	49					
13	Райымбек	3312,21				28					
14	Сарқан	6003,53									
15	Талғар	6997,4		40	90	30					
16	Ұйғыр	10684									
17	Қапшағай қаласы	2032									
18	Талдықорған қаласы	1657,5		35	20	10					
19	Текелі қаласы	240		15	15						
	Барлығы:	113421,94	3	448,5	794	187					

кестенің жалғасы

Комсток сымыры	картоптың алтын түстес жұмыр құрты	жеміс ағаштарының бактериялы күйігі	жусан жапырақты ойран шөп	жатаған (қызғылт) уекіре	арам соялар	1	2	3	4	5
									15495	350
									4647	114
									1835	1054
		411,33	710	1019	197					
		44,95		1667	132					
		0,04		8660	1180					
		0,02	35	1311	195,5					

5		41,8	369	1378	418
		0,5		8034	1020
				17706	258
		0,66		7879	1170
		1		3480	527
	81,21			3015	188
		1,53		5525	477
		151,4	1281	4374	1031
		2		10082	600
			175	1555	302
		27,5		1246	319
		5		189	16
5	81,21	687,73	2570	99097	9548,5

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК